Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 27.12.2018 № 895 қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.05.2016 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 4-бабының 25) тармақшасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.05.2016 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіле

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 19 қаңтардағы
№ 130 қаулысымен
бекітілген

Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары

Ескерту. Үлгі қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.05.2016 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына (бұдан әрі - білім беру ұйымдары) оқуға қабылдау тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.05.2016 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Білім беру ұйымдарына негізгі орта (жалпы негізгі), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі, жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар қабылданады.

3. Білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде Заңның 26-бабының 8-тармағына сәйкес айқындалған тұлғаларды қабылдауға квота көзделеді.

4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін түсу емтихандарын тапсыру нысанын білім беру ұйымдары белгілейді.

2. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі. Құжаттарды қабылдауды және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру

Ескерту. 2-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.05.2016 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Білім беру ұйымдарында тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау, түсу емтихандарын өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау үшін білім беру ұйымдарының басшылары жұмысын 1 маусымнан кешіктірмей бастайтын қабылдау комиссиясын құрады.

Қабылдау комиссиясының құрамына комиссия төрағасы, жауапты хатшы және комиссия мүшелері кіреді.

6. Білім беру ұйымдары қабылдау комиссияларының өңірлерге барып тұлғаларды оқуға қабылдау жұмысын ұйымдастыру мәселелері тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша шешіледі.

7. Оқуға түсушілерді қабылдау нәтижесі туралы ақпаратпен оқудың күндізгі нысаны бойынша 30 тамызға дейін, сырттай және кешкі оқу нысаны бойынша 30 қыркүйекке дейін ақпараттық стендіге жариялау арқылы немесе білім беру ұйымының интернет ресурсы арқылы қабылдау комиссиялары таныстырады.

8. Білім беру ұйымдарында оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау:

1) орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына 20 маусым мен 20 тамыз аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына 20 маусым мен 20 қыркүйек аралығында, өнер және мәдениет мамандықтары бойынша 20 маусым мен 20 шілде аралығында;

2) бұқаралық кәсіптер мен неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптер бойынша кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша 20 маусым мен 20 тамыз аралығында, оқудың кешкі нысанына 20 маусым мен 20 қыркүйек аралығында жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.05.2016 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Оқуға түсушілер білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау туралы өтінішіне білімі туралы құжаттың түпнұсқасын, № 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы флюрография суретімен (I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы), 3х4 көлемдегі 4 суретті қоса береді.

Жеке басын куәландыратын құжаттарды оқуға түсушінің өзі, ата-аналары немесе заңды өкілдері ұсынады.

Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар мәртебесін анықтайтын, тұрғылықты жерге тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты ұсынады:

1) шетелдік - шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхат;

2) азаматтығы жоқ тұлға - азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;

3) босқын - босқынның куәлігі;

4) пана іздеуші тұлға - пана іздеуші тұлғаның куәлігі;

5) оралман - оралман куәлігі.

Оқуға түсушілерден түскен өтініштер білім беру ұйымының тіркеу журналдарына оқытудың нысандары бойынша тіркеледі.

Кешенді тестілеу сертификатын (жоғары оқу орындарына түсу үшін ағымдағы жылы кешенді тестілеуге қатысқан өткен жылдар түлектері) немесе ҰБТ нәтижелері туралы сертификатын тапсырған (ағымдағы жылы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан бітірушілер) тұлғалар түсу емтихандарынан босатылады және осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес конкурсқа жіберіледі.

10. Түсу емтихандары орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша және:

1) жалпы орта білімі бар оқуға түсушілер үшін үш пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша пән) өткізіледі;

2) негізгі орта білімі бар оқуға түсушілер негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары көлемінде екі пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі және мамандық бейіні бойынша пән);

3) мамандық бейініне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін мамандық бейіні бойынша өткізіледі;

4) мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін әңгімелесу түрінде өткізіледі.

Бұқаралық кәсіптер мен неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптер бойынша кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілерге арналған түсу емтихандары әңгімелесу нысанында өткізіледі.

Білім беру ұйымдарына түсу емтихандары түсушілердің өтінішіне сәйкес қазақ немесе орыс тілдерінде өткізіледі.

Техникалық және кәсіптік білімнің мамандық бейіні бойынша жалпы білім беретін пәндер тізбесі осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.05.2016 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Өнер және мәдениет мамандықтары бойынша білім беру ұйымдарына оқуға түсетін тұлғалар білім беру ұйымдары бекіткен бағдарламалар бойынша өткізілетін арнайы немесе шығармашылық емтихандар тапсырады.

Арнайы немесе шығармашылық емтихандар бойынша "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған немесе емтиханға дәлелді себепсіз келмеген азаматтар қалған емтихандарға жіберілмейді.

12-тармақта көрсетілген негізгі орта, жалпы орта білімі бар тұлғалар үшін қабылдау емтихандарының нысанын, тестілеуді немесе пәндер бойынша емтихандарды білім беру ұйымы белгілейді.

12. Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін тұлғалар үшін оқудың күндізгі нысанына түсу емтихандары 1 тамыз бен 28 тамыз аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына 1 тамыз бен 25 қыркүйек аралығында; өнер және мәдениет мамандықтары бойынша арнайы немесе шығармашылық емтихандар 21 шілде мен 28 шілде аралығында өткізіледі.

Бұқаралық кәсіптер мен неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптер бойынша кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына

түсетін азаматтар үшін әңгімелесу 1 тамыз бен 28 тамыз аралығында, оқудың кешкі нысанына 1 тамыз бен 25 қыркүйек аралығында өткізіледі.

Түсу емтихандарын өткізу кезінде:

1) тестілеу нысанында әрбір пән бойынша тестілеу тапсырмаларының (сұрақтарының) саны 25 болып белгіленеді; әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы 1 баллмен бағаланады; тестілеуге үш пән бойынша 2 сағат 15 минут, ал екі пән бойынша 1 сағат 30 минут беріледі; дұрыс жауаптар коды тестілеу аяқтала салысымен ілінеді;

тестілеу нәтижелері өткізілген күні хабарланады;

2) пәндер бойынша емтихандардың, қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша алынған "3", "4", "5" бағаларын қабылдау комиссиясы мынадай шкала бойынша: "3" - 8 балл, "4" - 17 балл, "5" - 25 баллдарға ауыстырады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.05.2016 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және тест тапсырмаларын (сұрақтарын) бағалау және пәндер емтихандары кезіндегі даулы мәселелерді шешу, түсушілердің құқығын қорғау мақсатында білім беру ұйымында апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссия құрамына апелляция комиссиясының төрағасы, хатшысы және мүшелері кіреді.

Тестілеу немесе пәндер бойынша түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлға шағым білдіруіне болады.

Апелляцияға өтініш тестілеу немесе түсу емтихандарының нәтижелері хабарланғаннан кейін апелляциялық комиссияға келесі күнгі сағат 13.00-ге дейін беріледі және бір тәулік ішінде өтініш берушінің қатысуымен апелляциялық комиссияда қаралады.

Апелляциялық комиссия шешімі комиссия құрамы тізіміндегі тұлғалардың көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда комиссия төрағасы шешуші дауыс беруге құқылы. Комиссия жұмысы төрағаның және барлық комиссия мүшелерінің қолдары қойылатын хаттамамен ресімделеді.

14. Тестілеуді немесе пәндер бойынша түсу емтихандарын қайта

тапсыруға рұқсат етілмейді.

3. Білім алушылар құрамына қабылдау

15. Білім беру ұйымдарына білім алуға азаматтарды қабылдау конкурстық негізінде азаматтардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

Конкурс: ҰБТ сертификаттарының баллдары негізінде; Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнына түсу үшін кешенді тестілеу нысанында өткізілген түсу емтихандарының нәтижелері бойынша берілген сертификаттар баллдары негізінде; пәндер бойынша немесе білім беру ұйымдары жүргізген тестілеу нысаны бойынша түсу емтихандарының нәтижелері бойынша алынған баллдар (бағалар) негізінде жүргізіледі.

Қабылдау конкурсын өткізу кезінде ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификаттарында көрсетілген үш пәннің осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес баллдар сомасы ескеріледі.

Білім алушылар құрамына қабылдау конкурсына қатысуға:

1) негізгі жалпы білім алғандар үшін екі пәннен 20 баллдан кем, білім, құқық, экономика, медицина және фармацевтика мамандықтары бойынша 25 баллдан кем;

2) жалпы орта білім алғандар үшін үш пәннен 30 баллдан кем, білім, құқық, экономика, медицина және фармацевтика мамандықтары бойынша 35 баллдан кем жинағандар жіберілмейді.

Конкурстың шарттары білім алу құқықтарының сақталуына кепілдік беруге және неғұрлым қабілетті әрі техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын меңгеруге даярлығы бар азаматтарды қабылдауды қамтамасыз етуге тиіс.

Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау:

Бұқаралық кәсіптер мен неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптер бойынша кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау негізгі орта немесе жалпы орта білімі туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалар, әңгімелесу нәтижелері ескеріле отырып іріктеу негізінде 25 тамыз бен 30 тамыз аралығында өткізіледі. Іріктеу шарттарын білім беру ұйымдары айқындайды.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.05.2016 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Білім беру ұйымдарына қабылдауды қабылдау комиссиясы кәсіптер, мамандықтар бойынша жеке ашық отырыстарда жүргізеді.

Техникалық және кәсіптік біл
білім беру бағдарламаларын і

асыратын білім беру ұйымдар
қабылдаудың үлгі қағидалары

Ескерту. Қосымшаның оң жақ жоғары бұрыштағы мәтіні жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.05.2016 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының бейіні бойынша жалпы білім беру пәндерінің тізбесі

| Техникалық және кәсіптік білім мамандығының коды | Мамандықтың атауы | Бейіндік пән атауы |
|---|---|---|
| | | Негізгі орта білім (жалпы негізгі) |
| 0100000 - Білім | | |
| 0101000 | Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу | Әдебиет (оқыту тілдері бойынша) |
| 0102000 | Тәрбие жұмысын ұйымдастыру (деңгей бойынша) | Биология |
| 0103000 | Дене тәрбиесі және спорт | 1 шығармашылық емтихан |
| 0104000 | Кәсіптік білім беру (салалар бойынша) | Математика |
| 0105000 | Бастауыш білім беру* | Математика |
| 0106000 | Бейнелеу өнері және сызу | 1 шығармашылық емтихан |
| 0107000 | Технология | 1 шығармашылық емтихан |
| 0108000 | Музыкалық білім беру | 1 шығармашылық емтихан |
| 0109000 | Өмір сүру қауіпсіздігі және валеология | Биология |
| 0110000 | Білім ұйымдарындағы лаборант | Биология |
| 0111000 | Негізгі орта білім беру* | Математика |
| 0200000 - Құқық | | |
| 0201000 | Құқықтану | Құқық негіздері |
| 0202000 | Құқық қорғау қызметі | Қазақстан тарихы |
| 0203000 | Патенттану | Құқық негіздері |
| 0300000 - Медицина, фармацевтика | | |
| 0301000 | Емдеу ісі | Биология |
| 0302000 | Медбикелік іс | Биология |
| 0303000 | Гигиена және эпидемиология | Биология |
| 0304000 | Стоматология | Биология |
| 0305000 | Зертханалық диагностика | Биология |
| 0306000 | Фармация | Химия |
| 0307000 | Ортопедиялық стоматология | Биология |
| 0308000 | Медициналық оптика | Биология |
| 0400000 - Өнер және мәдениет | | |
| 0401000 | Кітапхана ісі | Әдебиет (оқыту тілдері бойынша) |
| 0402000 | Дизайн (бейін бойынша) | 2 шығармашылық емтихан |
| 0403000 | Әлеуметтік-мәдени қызмет және халықтық көркем өнер шығармашылығы (бейін бойынша) | 2 шығармашылық емтихан |
| 0404000 | Аспаптық орындау және музыкалық өнер эстрадасы | 2 шығармашылық емтихан |

| | | |
|---|---|---|
| 0405000 | Хор дирижері | 2 шығармашылық емтихан |
| 0406000 | Музыка теориясы | 2 шығармашылық емтихан |
| 0407000 | Ән салу | 2 шығармашылық емтихан |
| 0408000 | Хореография өнері | 2 шығармашылық емтихан |
| 0409000 | Актерлік өнер | 2 шығармашылық емтихан |
| 0410000 | Цирк өнері | 2 шығармашылық емтихан |
| 0411000 | Театр-декорация өнері (бейін бойынша) | 2 шығармашылық емтихан |
| 0412000 | Кескіндеу, мүсін және графика (түрлері бойынша) | 2 шығармашылық емтихан |
| 0413000 | Сәнді-қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейін бойынша) | 2 шығармашылық емтихан |
| 0414000 | Қайта қалпына келтіріп жөндеу (салалар бойынша) | 2 шығармашылық емтихан |
| 0415000 | Зергерлік іс (салалары бойынша) | 2 шығармашылық емтихан |
| 0500000 - Қызмет көрсету, экономика және басқару | | |
| 0501000 | Әлеуметтік жұмыс | Қазақстан тарихы |
| 0502000 | Телекоммуникациялық құралдармен тұрмыстық техникаларды жөндеу және қызмет көрсету (салалар бойынша) | Математика |
| 0503000 | Слесарлық іс | Физика |
| 0504000 | Бұйымдарды химиялық тазалау және бояу | Химия |
| 0505000 | Фото ісі | Химия |
| 0506000 | Шаштараз өнері және сәндік косметика | Химия |
| 0507000 | Қонақ үйі шаруашылығына қызмет көрсетуді ұйымдастыру | Математика |
| 0508000 | Тамақтандыруды ұйымдастыру | Математика |
| 0509000 | Аяқ киім ісі | Математика |
| 0510000 | Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану (салалары және қолдану аясы бойынша) | Әдебиет (оқыту тілдері бойынша) |
| 0511000 | Туризм (салалары бойынша) | География |
| 0512000 | Аудармашы ісі (түрлері бойынша) | Шетел тілі |
| 0513000 | Маркетинг (салалар бойынша) | Математика |
| 0514000 | Бағалау (салалар және қолдану аясы бойынша) | Математика |
| 0515000 | Менеджмент (салалар және қолдану аясы бойынша) | Математика |
| 0516000 | Қаржы (салалар бойынша) | Математика |
| 0517000 | Статистика | Математика |
| 0518000 | Есеп және аудит (салалар бойынша) | Математика |
| 0519000 | Экономика (салалар бойынша) | Математика |
| 0600000 - Метрология, стандарттау және сертификаттау | | |
| 0601000 | Метрология, стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша) | Математика |
| 0602000 | Сапаны бақылау (салалар бойынша) | Математика |

| | | |
|---|---|---|
| 0700000 - Геология, тау-кен өнеркәсібі және пайдалы қазбаларды өндіру | | |
| 0701000 | Геологиялық түсіру, пайдалы қазбалардың кен орындарын іздеу және барлау (түрлері бойынша) | Математика |
| 0702000 | Пайдалы қазбалар кен орындарын барлау технологиясы мен техникасы | Математика |
| 0703000 | Гидрогеология және инженерлік геология | Математика |
| 0704000 | Пайдалы қазбалардың кен орындарын іздеу мен барлаудың геофизикалық әдістері | Математика |
| 0705000 | Пайдалы қазбалардың кен орындарын жер астында өңдеу | Математика |
| 0706000 | Пайдалы қазбаларды ашық түрде қазу | Математика |
| 0707000 | Тау-кен электромеханикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу | Математика |
| 0708000 | Пайдалы қазбаларды байыту (көмірмен байыту) | Математика |
| 0709000 | Пайдалы қазбаларды байыту (кен байыту) | Математика |
| 0710000 | Ашық кеніштің электр-механикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу | Математика |
| 0711000 | Маркшейдерлік іс | Математика |
| 0712000 | Жер асты құбырларының құрылысы | Математика |
| 0713000 | Геодезия және картография | Математика |
| 0800000 - Мұнай-газ және химия өндірісі | | |
| 0801000 | Мұнай мен газ ұңғымаларын бұрғылау және бұрғылау жұмыстарының технологиясы (бейін бойынша) | Математика |
| 0802000 | Мұнай-газ құбырлары мен мұнай газ қоймаларының құрылысы және оларды пайдалану | Физика |
| 0803000 | Компрессорлық станциялар мен жерасты құбырларының электр жүйесін жөндеу және қызмет көрсету | Математика |
| 0804000 | Технологиялық жабдықтар мен құбырларды монтаждау | Математика |
| 0805000 | Мұнай мен газды сақтау және тасымалдау | Математика |
| 0806000 | Ұңғымаларды мұнай мен газға сынау | Физика |
| 0807000 | Мұнай және газ кәсіпшілігінің техникалық жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету | Математика |
| 0808000 | Мұнай өңдеу және химия өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу (түрлері бойынша) | Математика |
| 0809000 | Мұнай және газ кен орындарын пайдалану (бейін бойынша) | Математика |
| 0811000 | Мұнай-газ және жанар май құю станцияларының құрылыстары мен оларды пайдалану | Математика |
| 0811000 | Химиялық талшықтар өндірісі | Химия |
| 0812000 | Резина-техника өндірісі | Химия |
| 0813000 | Шина өндірісі және вулканизация процесі | Химия |
| 0814000 | Полимер технологиясының өндірісі | Химия |
| 0815000 | Тұтқыр және сусымалы материалдардың химиялық өндірісінің машиналары мен жабдықтарын пайдалану | Химия |
| 0816000 | Химиялық технология және өндіріс (бейіні бойынша) | Химия |
| 0817000 | Кокс-химия өндірісі | Химия |
| 0818000 | Химиялық өндіріс технологиясы (бейіні бойынша) | Химия |
| 081900 | Мұнай мен газды қайта өңдеу технологиясы | Химия |

| | | |
|---|---|---|
| 0820000 | Изотоптарды бөлу технологиясы мен вакуумдық техника | Химия |
| 0821000 | Экологиялық қондырғыларды пайдалану және оларға қызмет көрсету | Математика |
| 0822000 | Шыны-талшық пен шыны бұйымдары өндірісі | Химия |
| 0823000 | Фарфор және фаянс бұйымдарын жасау | Химия |
| 0824000 | Керамикалық өндіріс | Химия |
| 0825000 | Әрлеу өндірісі (бейіні бойынша) | Химия |
| 0826000 | Тері мен үлдірді химиялық өңдеу | Химия |
| 0900000 - Энергетика | | |
| 0901000 | Электр станциялары мен желілерінің (түрлері бойынша) электр жабдықтары | Математика |
| 0902000 | Электрмен жабдықтау (салалары бойынша) | Математика |
| 0903000 | Электр энергетикасы (салалары бойынша) | Математика |
| 0904000 | Темір жол электротехникалық жүйелерін электрмен жабдықтау, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу | Математика |
| 0905000 | Энергетикалық көлік қондырғысын пайдалану (көлік түрлері бойынша) | Математика |
| 0906000 | Жылу-электр<br>станцияларының қазандық, жылы энергетикалық, жылу өңдеуші қондырғылары | Математика |
| 0907000 | Техникалық жылу жабдықтары және жылумен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша) | Математика |
| 0908000 | Электр станцияларында су, отын және майлау материалдары технологиясы | Математика |
| 0909000 | Ядролық реакторлар және энергетикалық қондырғылар | Математика |
| 0910000 | Электрлік және электромеханикалық жабдықтар (түрлері бойынша) | Математика |
| 0911000 | Электромеханикалық құралдарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу (түрлері бойынша) | Математика |
| 0912000 | Электротехнология (түрлері бойынша) | Математика |
| 1000000 - Металлургия және машина жасау | | |
| 1001000 | Доменді пештерге қызмет көрсету және оларды жөндеу | Математика |
| 1002000 | Қара металл металлургиясы (түрлері бойынша) | Математика |
| 1003000 | Түсті металлдар металлургиясы | Математика |
| 1004000 | Құю өндірісі | Математика |
| 1005000 | Болаттарды пештен тыс өңдеу | Математика |
| 1006000 | Металл өңдеу (түрлері бойынша) | Математика |
| 1007000 | Отқа төзімді заттар өндірісі | Математика |
| 1008000 | Композициялық және ұнтақты материалдар, жабындар | Математика |
| 1009000 | Прокаттау өндірісі | Математика |
| 1010000 | Құбыр өндірісі | Математика |
| 1011000 | Автоматтық тізбектер және агрегаттық станоктар | Математика |
| 1012000 | Икемді автоматтық тізбектер | Математика |
| 1013000 | Механикалық өңдеу, бақылау-өлшеу аспаптары және машина жасаудағы автоматика | Математика |
| 1014000 | Машина жасау технологиясы (түрлері бойынша) | Математика |
| 1015000 | Машина жасаудағы монтаж және автомобильдерді сынау | Математика |

| | | |
|---|---|---|
| 1100000 - Көлік (салалары бойынша) | | |
| 1101000 | Ұшу аппараттарының өндірісі | Математика |
| 1102000 | Авиациялық аспаптар өндірісі | Математика |
| 1103000 | Кеме жасау және кеме машиналары мен механизмдеріне техникалық қызмет көрсету | Математика |
| 1104000 | Теңіз техникасын электр-радио монтаждаушы | Математика |
| 1105000 | Қала электр көліктерін пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу (салалар бойынша) | Математика |
| 1106000 | Темір жол жылжымалы құрамының өндірісі (түрлері бойынша) | Математика |
| 1107000 | Көтергіш көлік, құрылыс, жол машиналары мен жабдықтарын техникалық пайдалану (салалары бойынша) | Математика |
| 1108000 | Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету (түрлері бойынша) | Математика |
| 1109000 | Токарлық іс және металл өңдеу (түрлері бойынша) | Математика |
| 1110000 | Жүк көтергіш машиналар және транспортерлер | Математика |
| 1111000 | Ұсталық тығыздау жабдықтары | Математика |
| 1112000 | Өнеркәсіп машиналары мен жабдықтарын пайдалану | Математика |
| 1113000 | Металлургиядағы машиналар және жабдықтар | Математика |
| 1114000 | Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша) | Математика |
| 1115000 | Өндірістердегі электромеханикалық жабдықтар (түрлері бойынша) | Математика |
| 1116000 | Геология барлау жабдықтары | Математика |
| 1117000 | Электроникалық техника өндірісіне арналған жабдықтар | Математика |
| 1118000 | Тамақ, сауда және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары | Математика |
| 1119000 | Тоңазытқыш-компрессор машиналары және қондырғылары | Математика |
| 1120000 | Технологиялық машиналар мен жабдықтарға техникалық қызмет көрсету (түрлері бойынша) | Математика |
| 1121000 | Медициналық техниканы монтаждау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу | Математика |
| 1122000 | Әскери іс және қауіпсіздік | Математика |
| 1200000 - Өндіру, монтаждау, пайдалану және жөндеу (салалар бойынша) | | |
| Көлікті пайдалану | | |
| 1201000 | Автомобиль көлігіне қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану | Математика |
| 1202000 | Тасымалдауды ұйымдастыру және көлікте қозғалысты басқару (салалар бойынша) | Математика |
| 1203000 | Темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару | Математика |
| 1204000 | Су көлігін пайдалану (бейіні бойынша) | Математика |
| 1205000 | Әуе көліктерінің қозғалысын басқару және пайдалану | Математика |
| 1206000 | Жол қозғалысын ұйымдастыру | Математика |
| 1207000 | Талшықты материалдарды өңдеу технологиясы | Математика |
| 1208000 | Иіру және тұту өндірісінің технологиясы (түрлері бойынша) | Математика |
| 1209000 | Тоқыма өндірісі (түрлері бойынша) | Математика |
| 1210000 | Мата емес тоқыма материалдар өндірісінің технологиясы | Математика |
| 1211000 | Тігін өндірісі және киімдерді модельдеу | Математика |
| 1212000 | Аяқ киім өндірісі (түрлері бойынша) | Математика |

| | | |
|---|---|---|
| 1213000 | Аң терісі мен қой терісі бұйымдары өндірісінің технологиясы | Математика |
| 1214000 | Трикотаж, тоқыма, галантерея бұйымдары | Математика |
| 1215000 | Жеңіл өнеркәсіпті ұйымдастыру жабдықтары | Биология |
| 1216000 | Элеватор, ұн тартатын, жармалық және құрама жем өндірісі | Биология |
| 1217000 | Темекі өндірісі | Биология |
| 1218000 | Азық-түлік өндірісі | Математика |
| 1219000 | Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі | Химия |
| 1220000 | Қант өндірісі | Химия |
| 1221000 | Балық өндірісі | Биология |
| 1222000 | Консервілер және тағам концентраттары өндірісі | Химия |
| 1223000 | Сыра, алкогольсіз және спиртті ішімдіктер өндірісі | Химия |
| 1224000 | Сүт тағамдарының өндірісі | Химия |
| 1225000 | Ет және ет тағамдарының өндірісі (түрлері бойынша) | Химия |
| 1226000 | Тамақтандыру кәсіпорындарының өнімдерін өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру | Биология |
| 1227000 | Баспа өндірісі | Математика |
| 1228000 | Кәбіл өндірісі | Математика |
| 1229000 | Құрал жасау (салалары бойынша) | Математика |
| 1230000 | Тоңмай және тоңмай алмастырғыштар технологиясы | Биология |
| 1300000 - Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технология Электрондық техника | | |
| 1301000 | Электорондық аспаптар және құрылғылар | Математика |
| 1302000 | Автоматтандыру және басқару (бейіні бойынша) | Математика |
| 1303000 | Автоматика, телемеханика және темір жол көлігінде қозғалысты басқару | Математика |
| 1304000 | Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) | Математика |
| 1305000 | Ақпараттық жүйелер (қолданылу саласы бойынша) | Математика |
| 1306000 | Радиоэлектроника және байланыс (түрлері бойынша) | Математика |
| 1307000 | Электр байланысы мен сымдық таратудың желілік құрылыстарын пайдалану | Математика |
| 1308000 | Автоматтандырылған байланыс жүйелерін пайдалану | Математика |
| 1309000 | Оптикалық және электрондық жабдық (түрлері бойынша) | Математика |
| 1310000 | Көліктік (көлік түрлері бойынша) радиоэлектрондық жабдықтарды техникалық пайдалану | Математика |
| 1311000 | Темір жол көлігінің жедел технологиялық байланысының құрылғыларын пайдалану | Математика |
| 1400000 - Құрылыс және коммуналдық шаруашылық | | |
| 1401000 | Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану | Математика |
| 1402000 | Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану (түрлері бойынша) | Математика |
| 1403000 | Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану (түрлері бойынша) | Математика |
| 1404000 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің тазартқыш құрылыстары | Математика |

| | | |
|---|---|---|
| 1405000 | Газбен жабдықтау жабдықтары мен жүйелерін монтаждау және пайдалану | Математика |
| 1406000 | Магистралдық жергілікті және желілік құбырларды монтаждау | Математика |
| 1407000 | Гидротехникалық құрылыс | Математика |
| 1408000 | Қалалық қатынас жолдарын салу және пайдалану | Математика |
| 1409000 | Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы | Математика |
| 1410000 | Автомобиль жолдарын және әуеайлақтарды салу | Математика |
| 1411000 | Көпірлер мен көлік тоннелдері | Математика |
| 1412000 | Құрылыс бұйымдары мен конструкцияларының өндірісі | Математика |
| 1413000 | Темір бетон және металл бұйымдары өндірісі (түрлері бойынша) | Математика |
| 1414000 | Жиһаз өндірісі (түрлері бойынша) | Математика |
| 1415000 | Лифт шаруашылығы және эскалаторлар (түрлері бойынша) | Математика |
| 1416000 | Қалдықтарды қайта өңдеу | Математика |
| 1417000 | Азаматтық ғимараттар интерьерінің дизайны, оларды қалпына келтіру, қайта жаңарту | 2 шығармашылық емтихан |
| 1418000 | Сәулет | 2 шығармашылық емтихан |
| 1500000 - Ауыл шаруашылығы, ветеринария және экология | | |
| 1501000 | Ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу | Математика |
| 1502000 | Агрономия | Биология |
| 1503000 | Өсімдік шаруашылығы | Биология |
| 1504000 | Фермер қожалығы (бейіні бойынша) | Биология |
| 1505000 | Балық шаруашылығы (түрлері бойынша) | Биология |
| 1506000 | Аңшылық және аң өсіру | Биология |
| 1507000 | Балара өсіру және жібек шаруашылығы | Биология |
| 1508000 | Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы (түрлері бойынша) | Математика |
| 1509000 | Экология және табиғатты қорғау қызметі (түрлері бойынша) | Математика |
| 1510000 | Ауыл шаруашылығын механикаландыру | Математика |
| 1511000 | Жерге орналастыру | Математика |
| 1512000 | Зоотехния | Биология |
| 1513000 | Ветеринария | Биология |
| 1514000 | Экология және табиғат ресурстарын тиімді пайдалану (салалары бойынша) | Математика |
| 1515000 | Гидрология және метеорология | География |
| 1516000 | Өрт қауіпсіздігі | Математика |
| 1517000 | Төтенше жағдайларда қорғау (бейіні бойынша) | Математика |
| 1518000 | Ауыл шаруашылығын электрлендіру және автоматтандыру | Математика |

Ескертпе*: бейіндік пәннің атауын білім беру ұйымы берілетін мамандық бойынша біліктілігіне байланысты анықтайды.